

## Қазақстан Республикасының білім беру және мәдениет ұйымдарын атау мен қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 қыркүйектегі N 944 Қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес білім беру және мәдениет ұйымдарына белгілі қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың, көрнекті композиторлардың, жазушылардың, мәдениет қызметкерлерінің, Кеңес Одағы Батырларының есімдері берілсін.
2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдары қайта аталсын.
3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6              ж ы л ғ ы              2 9              қ ы р к ү й е к т е г і

N      9 4 4              қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

**Белгілі қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың, көрнекті композиторлардың, жазушылардың, мәдениет қызметкерлерінің, Кеңес Одағы Батырларының есімдері берілген білім беру және мәдениет ұйымдарының тізбесі**

### **Ақтөбе облысы бойынша**

Мұғалжар ауданы Қандығаш қаласының балалар музыка мектебіне - көрнекті композитор      А х м е т      Ж ұ б а н о в т ы ң      е с і м і ;

Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейіне - қоғам қайраткері Шығанак Берсиевтің есімі;

### **Алматы облысы бойынша**

Қаратал ауданы Кішітөбе ауылының Новая жизнь орта мектебіне - ғалым-жазушы,  
Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің есімі;  
Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылының орта мектебіне - Наурызбай батыр  
Құтпанбетұлының есімі;

### **Шығыс Қазақстан облысы бойынша**

Үржар ауданының Ақшоқы орта мектебіне - тіл маманы-лингвист, профессор  
Т ұ р а ғ ұ л Қ о ң ы р д ы ң е с і м і ;  
Абай аудандық балалар өнер мектебіне - әнші-композитор Жәнібек Кәрменовтің  
есімі;

### **Батыс Қазақстан облысы бойынша**

Казталов ауданы Казталов аудандық мәдени-демалыс орталығына - Қазақ КСР-інің  
еңбек сіңірген мәдениет қызметкері - Сағит Садықовтың есімі;

Сырым ауданы Жымпиты ауылдық округінің Өлеңті жалпы білім беретін орта  
мектебіне - қоғам қайраткері Жанша Досмұхамедовтің есімі;

Орал қаласының N 38 орта мектебіне - Кеңес Одағының Батыры Әлия  
Молдағұлованың есімі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 9 қ ы р к ү й е к т е г і

N 9 4 4 қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

### **Қайта аталған білім беру ұйымдарының тізбесі**

#### **Ақтөбе облысы бойынша**

Мәртөк ауданының Нагорный орта мектебі - Саржансай орта мектебі;

#### **Алматы облысы бойынша**

Үштөбе қаласының К.Д. Ушинский атындағы орта мектебі - жазушы Илияс  
Есенберлин атындағы орта мектеп;

Қаратал ауданы Жылыбұлақ ауылының Новый мир орта мектебі - Жылыбұлақ орта  
м е к т е б і ;

Қаратал ауданы Үшкөмей ауылының Приморец орта мектебі - Үшкөмей орта

м е к т е б і ;

Қаратал ауданы Қарашеңгел ауылының Тельман атындағы орта мектебі -  
Қарашеңгел орта мектебі;

### **Шығыс Қазақстан облысы бойынша**

Ұлан ауданы Асубұлақ кентінің В.И.Ленин атындағы орта мектебі - Асубұлақ орта  
м е к т е б і ;

Ұлан ауданы Бозанбай ауылының С.М.Киров атындағы орта мектебі - Бозанбай  
орта мектебі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК